

Су тасқыны

*ДОСЫМЖАН
ӘНЕЛ*



Су тасқыны - бұл қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептелу кезінде өзендердегі, көлдер мен теңіздердегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жерді айтарлықтай су басу.



Су тасқынына қалай дайындалу керек

Егер де Сіздің аумағыңыз су тасқынынан жиі зардап шексе, су басу мүмкін жерлердің шекарасын, сондай-ақ тұрғылықты жеріңізге жақын тұрған дөңестеу сирек су басатын жерлерді, оған баратын ең қысқа жолды зерделеп, еске сақтаңыз.

Отбасы мүшелерін ұйымдасқан және жекелей көшіру кезінде әрекет ету, сонымен қатар кенеттен және буырқанып келе жатқан су тасқыны кезіндегі ережелерімен таныстырыңыз.

Қайықтар, салдарды және оларды жасау үшін құрылыс материалдарын сақтау орындарын еске сақтаңыз. Көшіру кезінде алып шығатын құжаттар, мүлік және дәрі-дәрмектердің тізімін алдын-ала жасап қойыңыз. Арнайы чемодан немесе рюкзакқа құндылықтарды, қажетті жылы заттарды, азық-түлік қорын, су және дәрі-дәрмекті салыңыз.

Су тасқыны кезінде қалай әрекет ету керек



Су тасқыны қауіпі және көшіру туралы дабылды алғаннан кейін күттірместен, белгіленген тәртіп бойынша өзімен бірге қажетті заттар мен бұзылмайтын азық-түліктің екі күндік қорын алып апаттық су басуы ықтимал қауіпті аумақтан белгіленген қауіпсіз аумаққа немесе дөңестеу жерлерге барыңыз (шығыңыз). Көшіру пунктіне жеткеннен кейін тіркеліңіз.




Егер адам батса
Батып жатқан адамға
жүзетін зат лақтырып,
оны сергітіңіз, көмек
шақырыңыз. Зардап
шегушіге бару кезінде
өзен ағысын ескеріңіз.
Егер батушы адам өзінің
іс-әрекеттерін
бақыламаса, оның
артынан жүзіп барып,
шашынан ұстап алып,
жағалауға сүйреңіз.

Цунами (жапон. 津波 /tʃunämi/) — мұхит түбіндегі жер сілкінуден пайда болатын сұрапыл толқын. Биікт. ашық мұхитта 1 метрден аспайды; құрлықтағы тар шығанақтарда 50 метрге дейін барады. Толқынының таралу жылдамдығы 400 — 800 км/сағатқа дейін. Мысалы: адамзат тарихындағы Цунамимен байланысты ең ірі апат - 2005 ж. Оңт.-Шығыс Азияда болды.



Жерасты жер сілкінулері цунами деп аталатын орасан зор толқындардан болады. Бұл толқындар сағатына 800 км жылдамдықпен қозғалады, ашық теңізде көрінбеуі де мүмкін. Алайда судың таяз жерінде 30 метр биіктікке дейінгі алып су қабырғаларына айналып, жолындағының бәрін қирата отырып, құрлыққа қарай бағыт алады. Оның алдын алу жүйесі Тынық мұхиты бассейнінде 1948 жылы әзірленді, цунамидың көпшілігі осы жерде болады. Толқын соққысына дейін бірнеше сағат ішінде адамдар қауіпті аудандардан шығарылып, цунами зардаптарын азайтуға болады.



Индонезия жағасындағы жер сілкіну күші 8,9 баллға жетіп, соның нәтижесінде биіктігі 10 метрден астам цунами тарады. Таудай су толқындары жолындағы елді мекендерді шайып әкетті.

Цунамидің жойқын күшінен 300000 адамның өмірі қиылды. Ғаламат су толқындары жер сілкінудің эпицентрінен 6000 км қашықтықтағы Африка жағалауына дейін жетті.

Цунами негізінен Тынық мұхит жағалауында (Ресейдің қиыр шығысында, Жапонияда, Оңт.-Шығыс Азияда, Оңт. Америкада) жиі қайталанады. 20 ғасырдың 40 — 50-жылдарында АҚШ-та, Жапонияда және КСРО-да халықты алдын ала сақтандыратын Цунами қызметі құрылды. Болжам Цунами толқынының жер сілкіну эпицентрінен таралу жылдамдығын есепке алуға негізделген.

Назарларыңызға рахмет!

